



Маңғыстау облысы
Түпқараған ауданы
Таушық ауылы
«Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы»
жеке меншік мекемесінің директоры
Баянова Алмагуль Ерболатовна

«Асық-методикасы балабақшада».

Қазіргі уақытта балалардың смартфондармен, компьютерлік ойындарды ойнауы, бала денсаулығына зиянды жақтары туралы ескере отырып, табиғи асықтың денсаулыққа пайдасын ескере отырып «Асық методикасы балабақшада» атты өз жобамды ұсынамын. Жобаға қатысушылар: Педагогтар, балалар, психолог, ата-аналар. Балалардың білім алу жасы: 3-5 жас.

Жобаның мақсаты: Асық методикасын қолдана отырып, балалардың қимыл-қозғалысын, реттеу, шығармашылық тұрғыда, сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Кеңестікті бағдарлай білуін қадағалау. Көрнекі бейнелік сөздік логикалық ойлауды дамыту. Шыдамдылық, сабырлылық, ептілікке баулу. Бірлескен іс-әрекетті тәрбиелейді. Педагогтердің шығармашылыққа қызушылығын арттыру. Ата-аналармен ынтымақтастыққа бірігіп жұмыс жасауы.

Жобаның міндеті: Баланың ойлау қабілетін дамытады. Бала бойының жылдам өсуіне көмектеседі. Балалардың көздерінің қашықтықтан көруге көмектеседі. Баланың тыныс алуын, қан айналымын жақсартады. Баланың денесін шынықтырады. Балалардың бір-бірімен тез тіл табысы білуге үйретеді. Зерттеу біліктерін дамыту: проблема анықтау, ақпарат жинау, жорамал жасау қорытынды.

Күтілетін нәтиже: Ұлттық құндылықтарды жаңарту мақсатында асық баланың физиологиялық дамуына ықпал жасайды. Денелері құрыштай шынығады. Асық арқылы санауды үйренеді. Түстерді ажырата бөледі. Баланың танымын қалыптастырады. Ең алдымен баланың жүйке жүйесін шыңдайды. Асықты тігу арқылы саусақ моторикасы дамиды. Қиялы ой ұшқырлығын, зейінін дамытады, талаптылыққа тәрбиелейді. «Бес асық», «Алшы», «Ханталапай» т.б. Шеңбер ойындарын ойнау арқылы ептілікке, мергендікке, дәлділікке ұстамдылыққа, сабырлылыққа тәрбиелейді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын нығайту

Асық методикасын
жоба ретінде
қолданысқа енгізу

Өскелең ұрпақты жүйелі
тәрбиелеу мақсатында

Ұлттық құндылықтарды
жаңарту мақсатында

Асық ойыны жалпы қазақ халқының дәстүрлі ойыны.
Асықты тек ойын ойнау кезінде емес, оқу тәрбие үрдісінде,
оқу құралдары ретінде қолдануға болады.

Балалар асықпен түрлі шынықтыру жаттығуларын

Табанға, тізеге, арқаға, қолға. Бұл баланың физиологиялық дамуына ықпал жасайды. Денелері құрыштай шынығады.

Асық арқылы санауды үйренеді. Түстерді ажыратуды үйренеді. Бұл баланың танымын қалыптастырады. Ең алдымен баланың жүйке жүйесін шыңдайды.

Асықты тізу арқылы қолының ұсақ моторикасы дамиды. Қиялы мен ой-ұшқырлығын, зейінін дамытады, талаптылыққа тәрбиелейді.

Бес асық тігіп ойнау. Алшы ойыны, Ханталапай, Шеңбер ойындарын ойнау арқылы баланы ептілікке, мергендікке, дәлдікке, ұстанымдылыққа, сабырлыққа тәрбиелейді.

Асық төрт түлік малдың, тілерсегінде болатын, қызметі күрделі, буынға орналасқан шымыр сүйек. Асық табиғи өнім десек болады. Асықпен ойын балаларды ертеректе мергендікке, шеберлікке, батылдыққа, шешімділікке, шеберлікке, батылдыққа, шешендікке, ырымға, ырысқа-тәрбиелеу құралы болған. Жігерлігі, табандылығы, баланың зейіні дамиды.

Асық технологиясы бүгінгі бүлдіршінді дамытуға қажетті бірегей методикалық құрал екенін айтуға болады.